

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Жоғары кәсіптік білім)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ (ЕРЕКШЕ БӨЛІК)

«5B030400 – Кеден ісі»
бакалавриат мамандығы бойынша

3 несие

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Астана
2017

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен, «КАЗГИУ Университеті» АҚ-ның Зангерлерді бағалау және сертификатау бойынша бюросының қолдауымен **ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛГЕН.****
- 2. Республикалық жоғары және ЖОО кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2016 жылғы 30 шілдедегі хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕҢГІЗІЛГЕН.****
- 3. АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕҢГІЗІЛГЕН.**
- 4. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бүйрығымен бекітілген 5B030400 - «Кеден ісі» мамандығы бойынша «Жоғары білім берудің типтік оқу жоспарымен» әзірленді.**

Бағдарлама «Құқық» мамандықтары тобы бойынша оқу-әдістемелік секцияның рұқсатынсыз көбейтіле және таратыла алмайды.

МАЗМҰНЫ

I. Түсіндірме хат	4
II. Дәріс сабактарының тақырыптары	6
III. Тәжірибелік (семинар) сабактарының тақырыптары	32
IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі	43
V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	49
VI. Үлгі оқу бағдарламасының авторлары	58

I. Тұсіндірме хат

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы, патриоттық және адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағытталған жаңа фориациядағы құқықтық кадрлар даярлауды елдің индустримальық-инновациялық дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі ретінде анықтайды. Заң үстемдігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің сақтау, қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген жоғары кәсіби заңгерлер қалыптастыру қажеттілігін Қазақстан Республикасының Президенті және «100 нақты қадам» бағдарлама құжаты анықтайды.

«5B030400 – Кеден ісі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты – құқық нормаларды дайындау және жүзеге асыру, заңдылық пен құқықтық тәртіп, құқықтық білім мен тәрбиені қамтамасыз ету саласында терең білімдер мен кәсіби құзыретке, жоғары деңгейдегі құқықтық мәдениет пен құқықтық санаға ие жоғары білікті мамандар дайындау.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлік)» «Кеден ісі» мамандығы бойынша маман дайындауды жүргізетін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында оқытылатын міндетті компонент пәні болып табылады. Құқықтық реттеу пәні мен әдістері қылмыстық құқықты басқа салалардан ерекшелейді. Бірақ оның әрекет ету аясы басқа құқық салаларымен тығыз байланысты (әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару құқығы).

Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекшк бөліктері бір-бірімен тығыз байланысты және біртұтас қылмыстық-құқықтық нормалар жүйесі ретінде қылмыстық құқықты көрсетеді. Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігі нақты қылмыстық құқық бұзушылықтарды және оларды жасағаны үшін тагайындалатын жазаны анықтайтын нормалардан тұрады.

Пәннің мазмұны 3 шілде 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (қолданыстағы редакциясында) жүйесіне сәйкес оқытылады.

Курс адамға, қоғамға және мемлекет үшін қауіпті, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын әрекеттердің шеңберін және заңдық белгілерін белгілейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығының Ерекше бөлігі нормаларын терең зерттеуге арналған. Қылмыстық құқық курсын оқыту студенттерге терең теориялық білімдерді қалыптастыруға және соның негізінде құқық қорғау органдарына жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті дағдыларды баулуға бағытталған.

Оқу пәннің мақсаты студенттердің Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығының Ерекше бөлігі бойынша теориялық білімдер алу және құқық қолдану органдарына жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті дағдыларды алуға үйрету болып табылаты.

Курстың негізгі міндеттері студенттер қылмыстық құқық ғылыминың қағидалары, категориялары және ережелері туралы теориялық білімдерін жүйелі түрде баяндай алуы, студенттерді қолданыстағы қылмыстық заңнаманы дұрыс қолдануға үйрету, қылмыстық құқық нормаларын талқылау және қолдану, қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау дағдыларын дамыту болып табылады. Негізгі міндет студенттерге азаматтарды, олардың құқықтары, бостандықтары және занды мүдделерін қорғаудың, сонымен қатар қоғам мен мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаудың ажырамас құралы ретінде қылмыстық заңға құрметпен қарауды үйрету.

Оқу пәнінің пререквизиті «Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Жалпы бөлік)» пәні болып табылады.

Оқу пәнінің постреквизиті «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы», «Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару құқығы», «Криминология» пәндері болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлік)» пәнін менгеру келесі **кәсіптік құзырлылықтарды** қалыптастыруға бағытталған:

Білім: адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті әрекеттердің шеңбері мен зандық белгілерін анықтайтын Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы Ерекше бөлігінің нормаларын біледі; қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастырады; кәсіби қызметте құқығын жүзеге асыру үшін қылмыстық құқықтың мағынасын түсінеді.

Дағды: қылмыстық құқық Ерекше бөлігінің нормаларын сөзбе-сөз және оның мағынасына қарай қолдана алады; қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бар/жоғы сұрақтары бойынша құқықтық білікті қорытынды бере алады; нақты өмірлік жағдайларға материалды қылмыстық құқық нормаларын қолдана алады; зандық дәлелдемелер келтіре алады.

Көгамдық құзырлылық: қылмыстық заң нормаларын қолданудың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарын түсіне отырып әрекет етеді; қылмыстық құқық пен заңға құрметпен қарайды, сыйбайлас жемқорлық көріністеріне шыдамсыздық танытады.

Осы үлгі оқу бағдарламасын дайындау барысында авторлар «Университет КАЗГЮУ» АҚ қылмыстық, қылмыстық атқару құқығы және криминология кафедрасында «КР Қылмыстық құқығы (Ерекше бөлік)» пәнін «Кеден ісі» мамандығының студенттеріне оқыту тәжірибесін назарға алған

II. Дәріс сабактарының тақырыптары:

Тақырып №1. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы Ерекше бөлігінің түсінігі, жүйесі, маңызы

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөліктерінің бірлігі. Құқықтың мемлекет қалыптастыру және нарықтық экономика жағдайындағы қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің міндеттері. ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі, маңызы, саралау кезеңдері.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қылмыстық құқық Ерекше бөлігінің құрастырылуының жүйесі мен қағидаларын біледі;
- қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөліктерінің арақатынасын түсінеді;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралау ережесі мен кезеңдерін біледі.

дағдылары:

- тәжірибелік жағдайларды шешу кезінде нормативтік құқықтық актілерді тәжірибеде қолдана алады;
- саралау ережесі мен кезеңдерін сақтай отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау жүргізе алады.

3. Сөт тәжірибесі

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 28 қаңтар 2009 жылғы №2а-20-09 қаулысы. /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 223-224.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда респубикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы.

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015.

5. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. -С. 7-12.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. -С.467-472.

7. Юридическая природа нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан: Монография. – Астана, 2009

http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31064215.

Тақырып №2. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

ҚР Конституциясы жеке адамға қол сұғылмаушылық, Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері, адам өмірі мен деңсаулығын қорғау туралы. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Өмірге қарсы қылмыстар. Адам өлтірудің түсінігі және түрлері. Адам өлтіруді басқа өлтірумен байланысты қылмыстардан ажырату. Өмірге қарсы басқа да қылмыстар. Деңсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Абайсызда жәбірленушінің өліміне алып келген деңсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру мен адам өлтірудің айырмашылығы. Адамның өмірі мен деңсаулығын қауіпті жағдайда қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Олардың адамның өмірі мен деңсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Жыныстық бостандық пен жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның жеке бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Шынайы өкінудің арнаулы түрлері негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлерін біледі;
- тікелей объектісі бойынша жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралайды;
- қоғамға қауіптілік дәрежесі, құрылымы бойынша жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының түрлерін игереді;
- жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі;

- жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының аяқталу кезеңін біледі;
- жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері менгерді;
- ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата біледі.

дағдылары:

- тікелей объектісіне байланысты жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының түрлерін дербес анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының құрылымын, қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін ажырата алады;
- жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар әрбір құрамының элементтерін және олардың ерекшеліктерін біледі ;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады;
- қылмыстық заңға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамын дұрыс саралау үшін нормативтік қаулылармен жұмыс жасай алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 30 қараша 1999 жылғы №2к-588-99 және 5 тамыз 2009 жылғы №2а-215-09 қаулысы. (бірнеше дең жарақатына, және тұлғаны дәрменсіз деп тануға ұатысты саралау / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.224- 226.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот алқасының 23 шілде 1997 жылғы №2к-483-97 анықтамасы («аса қатыгездікпен адам өлтіру» саралаушы белгісі бойынша сұрапттар). / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.229.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 14 қаңтар 2008 жылғы №4уп-02-08 қаулысы (бас бостандығынан заңсyz айыруды саралауға қатысты). / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.266.

4. Б. мен Н.-ның арасында туындаған жанжал кезінде, Б. Н.-ны жаман сөздермен балағаттады, ал Н. Б.-ны шағатын есікке қарай итере бастады. Сол кезде Б.-да денсаулыққа ауыр зиян келтіруге байланысты қылмыстық пифыл пайда болады. Қылмыстық пифылын іске асыру үшін столда тұрған қайшыны алғып, Н.-ның сол жақ көзіне тығып алады. Нәтижесінде Н. сол жақ көзінен айырылады. (Астана қаласы Алматы ауданы №2 аудандық сотының үкімі)

// <http://astana.sud.kz/rus/news/konflikt-privel-k-udaleniyu-glaza>).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан

Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Адамның өмірі мен деңсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 Нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №7 Нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

5. «Зорлау және өзге де нәпсікұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 нормативтік қаулысы. (қолданыстағы редакциясында).

6. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.251-297

7. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1 – 10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С. 13- 90

8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма – К», 2016. - С.170 - 218.

9. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части /под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. -С.473-522.

Тақырып №3. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасының Конституциясы отбасы мен кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау туралы. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігін біледі;
- отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауды біледі;
- қоғамға қауіптілік дәрежесі, құрылымы бойынша отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының түрлерін біледі;

– отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі.

дағдылары:

– тікелей объектісіне байланысты отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының түрлерін дербес анықтай алады;

– қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының құрылымын анықтай алады;

– отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрбір құрамының элементтерін және олардың ерекшеліктерін анықтай алады;

– қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажыраты алады;

– қылмыстық заңға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамын дұрыс саралау үшін нормативтік қаулылармен жұмыс жасай алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша алқасының 3 қыркүйек 2003 жылғы №2н-106-03 қаулысы (кәмелетке толмағанға физикалық немесе писхологиялық әсер етпей қылмыс жасауға ұсыныс жасауды саралауға). /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.269-271.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша алқасының 20 қараша 2002 жылғы №2н-125-02 қаулысы (кәмелетке толмағанды қылмыс жасауға тарту деп тануға қатысты). /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.271-272.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда респубикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық және өзге де қоғамға жат әрекетке тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі №6 нормативтік қаулысы. (қолданыстағы редакциясында).

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 298-314

5. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С. 91-104.

6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова.- Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К»,

2016. - С.219-236.

7. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. -С.523-538.

Тақырып №4. Адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы сипаттамасы. Адам және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адам және азаматтың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адам және азаматтың экономикалық-әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігін біледі;

– адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауды біледі;

– қоғамға қауіптілік дәрежесі, құрылымы бойынша адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының түрлерін біледі;

– адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі.

дағдылары:

– тікелей объектісіне байланысты адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының түрлерін дербес анықтай алады;

– қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының құрылымын, қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін анықтай алады;

– адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрбір құрамының элементтерін және олардың ерекшеліктерін біледі;

– қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады;

– өз көзқарасын қисынды және сауатты жеткізе және негіздей алады.

3. Сот тәжірибесі

Астана тұрғыны Ахметова еңбек шартының негізінде кассир-сатушы ретінде компанияға жұмысқа қабылданады. Бірақ 2015 жылдың наурыз бен тамыз аралығына компания бұрынғы қызметкеріне жалақысын төлемеді. Жұмыс берушінің әрекетіне заңды баға берінді.

(<http://astana.sud.kz/rus/news/sud-vzyskal-summu-zadolzhennosti-po-zarabotnoy-plate>).

1.07.2016 жылғы №7171-16-5-29/3299 үкім, Астана қаласы Шульцқа қатысты. «Астанаводсервис» ЖШС участке басшысы Шульц коллекторды тазалау жұмыстарын жүргізу барысында техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауды қамтамасыз етпеу салдарынан екі адамның өліміне алыш келді.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 314-332

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С. 105-127.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.237-255.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.539-548.

Тақырып №5. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

1. Тақырып мазмұны

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері. Нюрнберг трибуналының Жарғысы бойынша бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қылмыстарды топтастыру. Бейбітшілікке қарсы қылмыстар. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар. Мемлекеттің халықаралық ынтымақтастығына қарсы қылмыстар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды

топтастыруды біледі;

– бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың саралауды біледі;

– бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар құрамдарының элементтерін біледі;

– бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды басқа ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажыратуды біледі.

дағдылары:

– бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың құрамдарының құрылымын, қылмыс аяқталу кезеңін анықтай алады;

– бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың әрбір құрамының элементтерін және олардың ерекшеліктерін біледі;

– қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 335-347

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С. 128-194.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова.- Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.256-281.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. – С.549-564.

7. Бадло М.С. Защита прав человека во время международных вооруженных конфликтов // Современные наукоемкие технологии. – 2013. – №6 // <http://www.rae.ru/>.

Тақырып №6. Мемлекеттің конституциялық құрылыш негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Конституциялық құрылыштың негіздері мен мемлекет қауіпсіздігі қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде. Конституциялық құрылыштың негіздеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қол сұғушылық; Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қол сұғушылық. Мемлекеттің

қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар; мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар).

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралауды біледі;
- мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының элементтерін біледі;
- мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі;
- мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата біледі.

дағдылары:

- мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрбір құрамының элементтерін және олардың ерекшеліктерін біледі;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады;
- қылмыстық құқық саласында алған білімдерін жинақтай және талдай алады, құқықтық есептерді шеше алады.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 349-363

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. (С. 195-241).

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. (С.282-304).

Тақырып №7. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасы Конституциясы меншік нысанына қарамастан меншік құқығын қорғау туралы. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Бөтен мүлікті жымқырудың түсінігі, белгілері. Бөтен мүлікті жымқырудың нысандары мен түрлері (ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау, қарақшылық). Жымқыру болып табылмайтын меншікке қарсы пайдакұнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бөтен мүлікті жою немесе бұлдіру.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- жымқырудың белгілері мен нысандарын біледі;
- жымқырудың түрлерін біледі;
- меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі;
- меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі;
- ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата біледі.

дағдылары:

- меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрбір құрамының элементтерін біледі;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады;
- ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамын ажырату кезінде өз көзқарасын қысынды және сауатты жеткізе және негіздей алады.

3. Сол тәжірибелі

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 20 қыркүйек 2011 жылғы №2уп-230-11 және 27 қыркүйек 2011 №2уп-210-11 қаулылары (қоймаға кірумен жасалған жымқыруды саралауға қатысты). /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.273-274.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 24 шілде 2012 жылғы №2уп-191-12 (жымқырудың ірі мөлшер скрақтары бойынша түсіндіру). / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство

Норма-К», 2013. – С.277-279.

3. Журов астананың бір көшесінен «Митсубиси Паджеро» автокөлігін көріп, және оны иеленуге байланысты қылмыстық пифыл пайда болады. Жанжағында ешкім жоқ екеніне көз жеткізіп, автокөліктің есігін ашып, заңсыз айдал кетеді. Көлікті астана көшелерімен айдал жүрген кезінде полиция қызметкерлеріне ұсталады. (Астана қаласы Алматы ауданы №2 аудандық сотының қаулысы) // <http://astana.sud.kz/rus/news>.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысы. (қолданыстағы редакциясында).

4. «Алаяқтық жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысы. (қолданыстағы редакциясында).

5. «Қорқытып алушылық жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы №6 нормативтік қаулысы. (қолданыстағы редакциясында).

6. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 364-400

7. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С.242-298.

8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова.- Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.305-356.

9. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. – С.576-639.

Тақырып №8. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы сипаттамасы. Электрондық жеткізгіштегі заңмен қорғалатын ақпараттың, ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің құпиялышығына, тұтастығына және қолжетімдігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының элементтерін біледі;
- ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үқсас құрамдардан ажырата біледі.

дағдылары:

- ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрбір құрамының элементтерін біледі;
- үқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамын ажырату кезінде өз көзқарасын қысынды және сауатты жеткізе және негіздей алады.

3. Сот тәжірибесі

«Шоколайф» интернет-сайтының қолданушылары туралы мәліметтерді пайдалануға байланысты М. мен Б.-ға қатысты 08.10.2013 жылғы Алматы қаласы Медеу аудандық сотының шешімі.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 401-409

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С.299-311.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. -С. 357-367.

Тақырып №9. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасы Конституциясы экономикалық қызметті және шаруашылық субъектілерінің мүдделерін қорғау туралы. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы

қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ақша-несие саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қаржылық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Кеден саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Салық саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Банкроттықпен байланысты экономимкалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Экономимкалық қызмет саласындағы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігін және оларды топтастыруды біледі;
- экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі;
- экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі.

дағдылары:

- экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың элементтерін анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажыратада;
- шаруашылық субъектілерін қылмыстық-құқықтық қорғау сұрақтары бойынша азаматтар мен занды тұлғаларға қабылдау жүргізе алады.

3. Сол тәжірибелі

«Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №2 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

III. кәсіпкерлік қызметпен айналысады, бірақ алкоголь өнімдерін сақтауға және сатуға міндетті лицензиясы жоқ. Өз әрекетінің заңсыз екенін біле тұра, кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыра береді. 2011 жылдың 18 наурызы мен 2015 жылдың 30 қаңтары аралығында әртүрлі тауар жеткізушілерден әртүрлі атаудағы сыралар алышп, кәсіпкерлік қызмет жүргізетін «РиК» сұраханасында сақтайды және сатады. Сақталған және сатылған алкоголь өнімінің жалпы көлемі 353 710 литр, құны 69 532 540 теңге (елеулі мөлшер) ([// http://astana.sud.kz/rus/news/sud-prigovor-po-faktu-nezakonnogo-predprinimatelstva](http://astana.sud.kz/rus/news/sud-prigovor-po-faktu-nezakonnogo-predprinimatelstva)).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне

түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 410-456

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С.312-470.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.368-444.

Тақырып №10. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мұдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мұдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Өкілеттіктерді теріс пайдалану. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы. Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы. Парага коммерциялық сатып алу. Міндеттеріне адаптациялау.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мұдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мұдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі;
- коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мұдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі.

дағдылары:

- коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мұдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажыратады.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 458-468.

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1.

Особенная часть (главы 1-10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С.481-499.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова.- Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.445-452.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.640-650.

Тақырып №11. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп қылмыстық-құқықтық қорғау обьектісі ретінде. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қауіпсіздіктің арнайы ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жалпыға қауіпті заттардың айналымының белгіленген тәртібін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп түсінігін біледі;
- қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі;
- қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі;
- қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата біледі.

дағдылары:

- қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады;
- тәжірибелік жағдайларды шешу кезінде нормативтік құқықтық актілерді тәжірибеде қолдана алады.

3. Сөт тәжірибесі

1.Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 3 шілде 2012 жылғы №2уп-163-12 қаулысы (куш

көрсетүмен болған бұзақылықты саралауға қатысты). /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.314-315.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 22 қараша 2011 жылғы №2уп-298-11 қаулысы (бұзақылықты саралауға қатысты) /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 315-316.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы №2 нормативтік қаулысы. (қолданыстағы редакциясында).

4. «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 8 қаңтардағы нормативтік қаулысы. (қолданыстағы редакциясында).

5. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 469-519.

6. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. - С.7-173.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.453-513).

Тақырып №12. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасы Конституциясы халықтың денсаулығын қорғау және имандылық туралы. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тексттердің өткізу мақсатында және өткізу мақсатынсыз заңсыз айналымы. Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және сол текстстердің түсінігін біледі;
- халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі;
- халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі;
- ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата біледі.

дағдылары:

- халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады;
- әрекетті дұрыс саралау үшін нормативті қаулыларды қолдана алады.

3. Сөт тәжірибесі

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 1 маусым 2010 жылғы №2уп-90-10 қаулысы (есірткі заттарды сатып алушының мүдделеріне қатысты әрекеттерді саралауға қатысты) //Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.334-335.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).
3. «Есірткі, психотроптық және улы заттарды зансыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша зандарды қолдану туралы» КР Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы №3 нормативтік қаулысы(қолданыстағы редакциясында).
4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 520-547.
5. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. - С.174-209.
6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.514-541.
7. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.680-702.

Тақырып №13. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері. Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет немесе кәсіби міндеттерін орындаумен байланысты медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Басқа да медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырату.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі;
- медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі;
- медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата біледі.

дағдылары:

- медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады.

3. Сол тәжірибелі

1. Дәрігер К.-ның адам өліміне алып келген медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындауына қатысты ісі. // <http://news.akimataktobe.kz/novosti-kazakhstan/delo-vrachakalashnikova-stali-izvestn/>).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда респубикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 548-555.

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. -С.210-234.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. -С.542-552.

Тақырып №14. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасы Конституциясы адамның өмір сүру ортасы, қоршаған ортаны қорғау туралы. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Экономиканың маңызды қызмет аясындағы экологиялық қауіпсіздіктің жалпы ережелеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоршаған ортаны жекелеген компоненттері аясындағы экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоршаған ортаның құрамдас бөлігі ретінде флора мен фаунаның экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар: түсінігі және түрлері.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыра біледі;
- экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының элементтерін біледі;
- экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі.

дағдылары:

- экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда респубикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» КР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 20 маусымдағы №1 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 556-583

5. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. - С.235-272.

6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова.- Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. -С.553-573.

7. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. -С.703-723.

Тақырып №15. Қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Автомотокөлік пен қалалық электрокөліктің жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Басқа да қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлерін біледі;
- қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының элементтерін біледі;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажыратада біледі.

дағдылары:

- қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажыратада біледі;
- жол қозғалысы оқиғасының қатысушаларының құқықтарын қылмыстық-құқықтық қорғау сұраптары бойынша азаматтар мен занды тұлғаларды қабылдай алады.

3. Сөт тәжірибесі

Жүргізуі қуәлігінен айырылған астана тұрғыны Б. алькогольдік мас күйде қөлік құралын басқарады. Нәтижесінде жаяу жүргіншіні қағып кетеді, оның денсаулығына ауыр зиян келеді. (Астана қаласы Есіл ауданы №2 аудандық сотының үкімі) // <http://astana.sud.kz/rus/news/narushenie-pravil-dorozhnogo-dvizheniya-8>).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Жол қозғалысы және қөлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға

байланысты қылмыстар жөніндегі істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы №3 Нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 584-605.

5. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. -С.273-303.

6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. -С.574-593.

7. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. -С.724-739.

Тақырып №16. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мұдделеріне қарсы сыйайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мұдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен құрсрудің маңызы. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мұдделеріне қарсы сыйайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы сипаттамасы. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мұдделеріне қарсы сыйайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Сыйайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің түсінігі. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мұдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- сыйайлас жемқорлық түсінігін және сыйайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар тізбегін біледі;
- мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мұдделеріне қарсы сыйайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- сыйайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектілерін біледі;
- мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мұдделеріне қарсы сыйайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың элементтерін біледі;

– мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыйбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін біледі.

дағдылары:

- мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыйбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады;
- өз көзқарасын қисынды және сауатты жеткізе және негіздей алады.

3. Сол тәжірибелесі

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 27 шілде 2010 жылғы №2уп-175-10 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.353-354.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 15 қаңтар 2002 жылғы №2н-4-02 қаулысы. /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.354-356.

3. Мемлекеттік қызметкердің бірнеше рет ақша түрінде пара алу фактісі бойынша Астана қаласы Есіл ауданы №2 аудандық сотының үкімі (//<http://astana.sud.kz/rus/news/sud-vynes-prigovor-v-otnoshenii-eks-zamestitelya-predsedatelya-agentstva-po-delam-sporta-i-0>).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылды 30 тамызда респубикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Кейбір сыйбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы. (қолданыстағы редакциясында).

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 606-635.

5. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. - С.337-382.

6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.594-609.

7. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.740-761.

8. Сулейменова Г.Ж. Научно-правовое заключение о квалификации

Тақырып №17. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі және түрлері. Билік өкіліне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының бұзылмаушылығына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ресми құжаттардың, мемлекеттік наградалардың және арнайы бағыттағы қаражаттардың айналым тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қарулы қүштердің жасақталу тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Мемлекет беделіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Азаматтардың өз құқытарын жүзеге асыру тәртібіне қол сұғу. Жария және басқа да шараларды өткізуудің заңмен бекітілген тәртібіне қол сұғу. Мемлекеттік және қоғамдық институттардың арақатынасы қағидаларын және басқа да бекітілген ережелерді бұзумен байланысты қолсұғушылық.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алғатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының түрлерін біледі;
- басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі.

дағдылары:

- басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажыратада.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда респубикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.637-675.

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев.

– Алматы: Жеті жарғы, 2017. - С.337-382.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.610-649.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.762-782.

Тақырып №18. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасы Конституциясы сот әділдігі мүдделерін қорғау туралы. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Сот әділдігінің конституциялық қағидаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Құқықкорғау органдарының қалыпты қызметін қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Іс бойынша шынайы дәлелдемелерді алуды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Сот актілерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;
- сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының элементтерін біледі;
- қылмысқа жанасуышылықтың түсінігін, қылмыстық құқық бұзушылықтағы сыйайлар қатысадан айырмашылығын біледі.

дағдылары:

- сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңін анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажыратада.

3. Сот тәжірибесі

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 8 қараша 2011 жылғы №2уп-280-11 қаулысы (жалған сөз жеткізуіді саралауға қатысты) /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.368.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 2 сәуір 2002 жылғы №2н-150-02 қаулысы

(күні бұрын уәделеспей жасырып қалу) /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.370 - 371.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 676-712.

4. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. - С.383-520.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. -С. 650-709.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.783-821.

Тақырып №19. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасы Конституциясы тәуелсіздігімізді, аумақтық тұластықты қорғау, Республиканың Қарулы күштерінде борышын өтеу, әскери қызметті өту тәртібі мен түрі туралы. Әскери қызметшілер арасындағы жарғылық қарым-қатынас пен бағыныштылық тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери қызметтің арнайы түрлерін атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери сыйбайлар жемқорлық қылмыстар. Әскери сыйбайлар жемқорлық қылмыстардың субъектілері. Әскери құпияны сақтау тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери мүлікті пайдалану мен сақтау тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қару-жарақты ұстау және әскери техниканы пайдалану тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Соғыс уақытында әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабактары тақырыбының студенттің осы тақырыпты менгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты менгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін біледі ;
- әскери қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастыруды біледі;

- әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің түсінігін біледі;
- билікті асыра және теріс пайдалану түсінігін біледі;
- әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының элементтерін біледі.

дағдылары:

- әскери қылмыстық құқық бұзушылықтарды аяқталу кезеңін анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұқсас құрамдарынан ажырата алады;
- қылмыстық құқықтық қатынастар аясында проблемаларды талдай және шеше алады.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).
3. «Әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандығы №6 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).
4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 713-746.
5. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. - С.521-538.
6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. -С.710-747.
7. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. -С.822-846.

III. Тәжірибелік (семинар) сабактарының тақырыптары

Тақырып №2. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.
- 2) Өмірге қарсы қылмыстар.
- 3) Денсаулықта қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 4) Адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 5) Жыныстық бостандық пен жыныстық қолсұғылмаушылықта қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 6) Жеке бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 7) Ар-намыс мен қадір-қасиетке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Амирова төлем карточка бойынша сұрақтармен банкке қонырау соғады. Оператор оған қызмет көрсету үшін құпия сөзін айтуды сұрайды. Құпия сөзді айтудан бас тартқан соң, оператор Дмитриев оған банк белімшесіне келуді сұрайды. Оған Амирова дауыс көтеріп, балағат сөздер айтады. Бірнеше минут өткен соң Амирова тағы да 2 рет қонырау соғады. Эртүрлі операторлармен сөйлесу барысында құпия сөзсіз қызмет көрсетпейтіндерін естіген соң, оларға қатысты балағат сөздер айтады. Он бір күн өткен соң Амирова банкке қайта қонырау соғады және оператор Смайловармен телефонмен сөйлесу барысында оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиетін балағат сөздермен қорлайды.

Амиролованың әрекетін саралаңыз.

<http://astana.sud.kz/rus/news/zhitelnica-stolicy-vyplatit-moralnyy-vred-zanecenzurnuyu-bran>).

№2. *Берілген қайнар көзді зерттеп, сол шешімінің негізділігі туралы қорытынды беріңіз.*

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша алқасының 11 наурыз 2008 жыл №2а-71-08 қаулысы (ауырлатылған жағдайда адам өлтіруді саралауға қатысты). /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.230-231.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дөріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №3. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

- 2) Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 3) Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Иванова физикалық тұрғыдан ауытқулары (қолында екі саусағы жоқ) бар ұл бала босанады және медбике Ахметоваға белгілі бір ақы үшін өз ұлын дені сау басқа ұл балаға ауыстырып беруді сұрайды. Ахметова оның өтінішін орындайды, балалардың қолындағы және аяғындағы биркаларды ауыстырып қояды. Бірақ таңертең баланың туған анасы Сидорова баласының ауыстырылғанын байқайды.

Иванова мен Ахметованың әрекеттерін саралаңыз, жауабыңызды негіздеңіз.

Егер Иванова баланы сыйақысыз ауыстырган жағдайда саралау өзгереді ма?

№2. Қала типтес ауданың тұрғыны Ирадова материалдық қындықтарға душар болады. Астанаға келіп әлі туу туралы куәлігі рәсімделмеген жаңа туған қызын баласы жоқ отбасына 500.000 теңгеге сатып жібереді.

Ирадованың әрекеттерін саралаңыз, жауабыңызды негіздеңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №4. Адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Адам және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 2) Адам және азаматтың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 3) Адам және азаматтың экономикалық-әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Амосов жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға қатысуға уәкілетті болады. Осы жағдайды пайдаланып, дауыс беру жәшігіне Борина деген кандидаттың пайдасына 100 бюллетень салып жібереді. Бюллетендердің жалғандығы дауыс беру нәтижесін жариялағаннан кейін гана анықталады.

Амосовтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

№2. Штаттың қысқаруына байланысты екі жасар баласы бар Томинамен еңбек шарты тоқтатылады.

Жұмыс берушінің әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №5. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарды топтастыру.

2) Бейбітшілікке қарсы қылмыстар.

3) Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.

4) Мемлекеттің халықаралық ынтымақтастығына қарсы қылмыстар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Исаилов деген азамат С. мемлекеттің құрамынан Б. мемлекеттің бөлініп шығуы туралы «А» үйымының ұстанымын жақтайтын еді. Осы үйимның қатарына кіріп, арнайы оқытып-ұйретуден өтті, екі жыл бойы қарулы қақтығыстарға қатысты және материалдық сыйақылар алғып отырды.

Исаиловтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №6. Мемлекеттің конституциялық құрылыш негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Конституциялық құрылыштің негіздеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.

2) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенттің – Елбасының өміріне қол сұғушылық; Қазақстан Республикасы Президенттің өміріне қол сұғушылық.

3) Мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. ФЗИ қызметкері болып жұмыс істейтін Смирнов ұшақтың жаңа моделін дайындау тобының мүшесі еді. Бұл ұшақ моделінің дүние жүзінде аналогы жоқ еді және мемлекеттік құпия болып табылады. Смирнов ұшақтың сыйбаларын өзі тұрақты тұруға көшемін деп жүрген шет мемлекетке беріп жібереді.

Смирновтың әрекетін саралаңыз.

№2. Қазіргі конституциялық құрылымға көнілі толмайтын зейнеткер Ахметов, қала тұрғындарының қала әкімімен кездесуі барысында, адамдар тобына граната лақтырады. Нәтижесінде қала әкімі қайтыс болады және қаланың екі тұрғынының денсаулығына ауыр зиян келеді.

Ахметовтың әрекетін саралаңыз. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың үқсас құрамдарынан ажыратыңыз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №7. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және

түрлери.

2) Бөтен мүлікті жымқырудың түсінігі, белгілері, нысандары және түрлери.

3) Жымқыру болып табылмайтын меншікке қарсы пайдакұнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4) Меншікке қарсы пайдакұнемдік емес қылмыстық құқық бұзушылықтар

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. 12 қаңтар 2015 жылы азаматша Мусаханов «Хан шатыр» СОО-ның «New Yorker» бутигін аралап жүріп, қалтасына 4490 теңге тұратын «SMG New Yorker» қол сафатын салып алады. Бутиктен шыға бергенде, дабыл қағылып, ұсталады. (Астана қаласы Есіл аудандық сотының үкімі) //<http://astana.sud.kz/rus/news/ugolovnoe-delo-prekrashcheno-v-poryadke-mediacii-18>

Мусахановтың әрекетін саралаңыз.

№2. 10 наурыз 2015 жылы кәмелеттік жасқа толмаған Мишин «Адида» дүкенін аралап жүріп, киім өлшейтін жерде джинс шалбарының ішінен құны 14905 теңге тұратын спорттық шалбарды киіп, дүкеннен шығып бара жатқанда, дүкен қызметкерлеріне ұсталады. (Астана қаласы кәмелетке толмағандар істері бойынша мамандандырылған ауданааралық соты //<http://astana.sud.kz/rus/news/melkoe-hishchenie-chuzhogo-imushchestva-2>).

Мишинның әрекетін саралаңыз.

№3. Кайырбекова Данилованың пәтеріне келеді, үй иесі басқа бөлмеге шығып кеткенін пайдаланып, есігі ашық тұрган шкафтың ішіндегі қобдишаны алып, ішінен жалпы құны 120000 теңге тұратын алтын сақина мен алқаны алады да, шұғыл жұмыстарым бар деп Данилованың пәтерінен шығып кетеді.

Кайырбекованың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №8. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

Электрондық жеткізгіштегі заңмен қорғалатын ақпараттың, ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің құпиялышының тұтастығына және қолжетімдігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ақпарат, ақпараттық жүйе, телекоммуникация желісі, ақпараттық түрлендірудің түсінігі. Зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдер түсінігі. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Инженер-бағдарламашы Петров Қорғаныс министрлігінің ақпараттық-талдау бөлімінде жұмыс істеді. Жұмыстан тыс уақытта ол компьютерді мәтіндер басу және Интернетten фильмдер көшіру үшін

пайдаланды. Осы әрекеттер үшін ол компьютерлік вирустары бар флеш-жеткізгішті қолданды. Нәтижесінде компьютерде сақталған ақпараттар жойылды.

Петровтың әрекетін сралаңыз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың үксас құрамдарынан ажыратыныңыз.

№2. Компьютерлік техниканы жақсы менгерген 2 курс студенті Косов, еліміздің бір банкінің қорғаныс жүйесін бұзып, достарының шотына 2 млн. тенгеден астам ақша аударды.

Косовтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

3. Ұсылылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №9. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 2) Ақша-несие саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 3) Қаржылық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 4) Кеден саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 5) Салық саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 6) Банкроттықпен байланысты экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.
- 7) Экономикалық қызмет саласындағы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Сурет салу қабілеті бар Ильясов, 30 дана 1000 тенгелік ақша купюраларын салады да, орталық базардан сол ақшаларға киім және азықтүлік алады.

Ильясовтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

№ 2. Банктің карточка шығаратын бөлімінің қызметкери Сомов банк кассирі Масловпен келісіп, банктің алты клиентінің карточкасын қайта шығарады. Карточкаларды алған соң, өздерінің жеке шоттарына 300.000 тенгеден астам ақша аударады. Бұл әрекеттерін не банк қызметкерлері, не клиенттер байқамағанына көздері жеткен соң, осы әрекеттерді екі айдан кейін қайта жасады.

Сомов пен Масловтың әрекеттерін сарапалаңыз.

3. Ұсылылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №10. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мұдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мұдделеріне қарсы

қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

2) Өкілеттіктерді теріс пайдалану. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы.

3) Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы.

4) Параға коммерциялық сатып алу.

5) Міндеттеріне адаптация.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

«Астра» тез тамақтандыру желісінің бас бухгалтері Булкин материалды жауапты тұлғалардың жұмыстарына бақылау жүргізеді. Бірақ шикі өнімдердің аз мөлшерде жетіспеуіне көз жұмып, оларды «жарамдылық мерзімі өткен өнім» ретінде есептен шығарып отырды. Осы әрекеттері үшін қоғамдық тамақтанудың 10 бөлімшесінен 20-30000 тенгеден алғып отырады.

Булкиннің әрекетін саралаңыз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №11. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2) Қауіпсіздіктің арнайы ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3) Жалпыға қауіпті заттардың айналымының белгіленген тәртібін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4) Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Иманов пен Свирилова көңіл көтеру үшін тұнгі клубқа барады. Таңғы 04-те қызының мас болып қалып жігітіне қатысты балағат сөздер айтуы негізінде екеуінің арасында жанжал туындейдьы. Жанжал дәретхананың алдында орын алады. Жанжал барысында Иманов Свирилованы ұрып жібереді, нәтижесінде Свирилованың денсаулығына жеңіл зиян келтіріледі. (Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау сот коллегиясының 11 мамыр 2010 жылғы №2уп-85-10 Қаулысы / /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013.)

Имановтың әрекетін саралаңыз.

№2. Университеттің 1 курс студенті Омаров, қорытынды емтиханнан алған бағасына көңілі толмай, жоо кеңесіне қонырау шалып, аудиториялардың бірінде жарылғыш зат бар деп хабарлайды. Арнайы бөлім қызметкерлері келіп, университеттің барлық аудиторияларын тексеріп шығады, бірақ жарылғыш зат табылмайды

Омаровтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

№3. Қайнар көзді зерттеп, соттың шешіміне негізделген қорытынды дайындаңыз:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты қадағалау сот алқасының 2 қазан 2012 жылғы №2уп-203-12 қаулысы (бұзақылықты саралау). Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты қылмыстық істер бойынша алқасының 23 шілде 2001 жылғы №2н-494 -01 қаулысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты қадағалау сот алқасының 7 ақпан 2012 жылғы №2уп-38-12 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.320-322, С.323-324, С.326-327).

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №12. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2) Есірткі, психотроптық заттарды, сол текстестердің өткізу мақсатында және өткізу мақсатынсыз заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3) Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. 2015 жылдың маусым айында Сомова алдын ала келісім бойынша Кузина мен Мазинге есірткі заттарды алуға көмек көрсететін болып келіседі. Астана қаласының бір уйінің жанында Сомова Кузин және шартты түрде сатушы Мазинмен кездеседі. Сомова шартты түрде сатушыдан 8 000 тенге ақша сомасын алғып, орнына Кузинаға 1,5490 грамм героин береді. Бұл героинді сотпен анықталмаған тұлғадан алады (Астана қаласының қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданааралық сотының үкімі // <http://astana.sud.kz/rus/news/zhenshchina-osuzhdena-za-posobnichestvo-v-nezakonnom-priobretenii-narkoticheskogo-sredstva>).

Сомованың әрекетін саралаңыз.

№2. 2015 жылы 26 наурыз күні «Даulet» СУ-нің алдында Досоваға Ахметов деген азамат жолығып, интимдік қызмет көрсететін жеңіл жүрісті қыз тауып беру туралы өтініш жасайды. Досова оған жеңіл жүрісті Иванова деген қызды таныстырып, өз қызметі үшін 3500 тенге алатынын айтады. Жеңіл жүрісті қызben танысып, сексуалдық сипаттағы қызметке ақша төленген соң, Досованы полиция қызметкерлері ұстайды. Және оның қалтасынан жеңгетайлық үшін алған 3500 тенге табылады. (<http://astana.sud.kz/rus/news/lishenie-svobody-za-organizaciyu-pritonov-dlya-zanyatiya-prostituciey>).

Досова мен Ахметовтың әрекетін саралаңыз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №13. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.

2) Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет немесе кәсіби міндеттерін орындаумен байланысты медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3) Басқа да медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

«Астана» медициналық колледжінің «Акушерлік іс» мамандығының 2 курс студенті Турлова, медициналық мекемелерге жүгінгісі келмеген құрбасы Маринаға түсік жасайды. Түсік жасау барысында Маринада қатты қан кетеді, соған байланысты жедел жәрдем шақырады, бірақ Маринаның өмірін сақтап қала алмайды.

Турлованың әрекетінк қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №14. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Экономиканың маңызды қызмет аясындағы экологиялық қауіпсіздіктің жалпы ережелеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2) Қоршаған ортаны жекелеген компоненттері аясындағы экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3) Қоршаған ортаның құрамдас бөлігі ретінде флора мен фаунаның экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Шағын шұжық шығаратын цехтың иесі Сомов жеке шаруа қожалығының басшысы Ахметовпен ет сатып алу туралы келіседі. Ахметов қожалығындағы үш сиырдың бруцеллоз ауруымен ауырып қалғанын, ветеринар дәрігер ауру малдардың етін пайдалануға тыйым салғаны туралы айтпайды. Ауру малдардың етінен жасалған шұжық бір аудан аумағында сатылады. Үш күннен соң ауруханаға 6 адам түседі, оларға бруцеллоз деп диагноз қойылады.

Ахметов пен Сомовтың әрекеттерін саралаңыз.

№2. Орман алқабында жастар спирт ішімдіктерін ішіп, жағылған алауды өшірмей ұйықтап қалады. Нәтижесінде «Бурабай» курорттық аймағының 2 км орман алқабы өртеніп кетеді.

Жасалған әрекетке қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №15. Қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2) Автомотокөлік пен қалалық электрокөліктің жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3) Басқа да көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. 2015 жылдың маусым айында Елгин мас күйінде «Лада» автокөлігін Қабанбай батыр даңғылымен әуежай жаққа айдан бара жатып, «Авиатор» аялдамасының жаңында жаяу жүргіншілерді басып кетті. Оқиға нәтижесінде екі жаяу жүргінші сол жерде қайтыс болды. (Астана қаласы Есіл ауданы №2 аудандық сотының үкімі) //<http://astana.sud.kz/rus/news/osuzhden-muzhchina-sbivshiy-nasmert-dvuh-peshehodov>.

Елгин әрекетін саралаңыз.

№2. 14-жастағы Михайлов пен Стасов сотқарлық жасап, теміржол рельстерінің біріктіру болттарын алғып тастайды, нәтижесінде апаттық жағдайға әкеліп соғады және 500 000 тенгеге залал келтіріледі.

Михайлов пен Стасовтың әрекеттерін саралаңыз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №16. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыйайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыйайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2) Сыйайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің түсінігі.

3) Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Участекелік инспектор көмекшісі қызметін атқаратын Исин, мемлекеттік билік өкілі бола тұра, өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында жүргізуші Кузинадан 30 000 тенге ақша сомасын талап етед. Кузина 5000 тенгені беріп, қалған соманы бір сағаттан кейін келісілген жерге әкеліп беретін болады.

Исинның әрекетін саралаңыз.

//<http://astana.sud.kz/rus/news/prigovor-v-otnoshenii-eks-policeyskogo>).

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №17. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Билік өкіліне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының бұзылмаушылығына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2) Ресми құжаттардың, мемлекеттік наградалардың және арнайы бағыттағы қаражаттардың айналым тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3) Қарулы күштердің жасақталу тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4) Мемлекет беделіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

5) Азаматтардың өз құқытарын жүзеге асыру тәртібіне қол сұғу.

6) Жария және басқа да шараларды өткізу дің заңмен бекітілген тәртібіне қол сұғу. 7) Мемлекеттік және қоғамдық институттардың арақатынасы қағидаларын және басқа да бекітілген ережелерді бұзумен байланысты қолсұғушылық.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Зуев тұнгі кезектен үйіне қайтып келе жатып, учаскелік аумақты аралап жүрген учаскелік инспектор Антоновты көреді. Спирт ішімдіктерін ішкені және отбасы мүшелерін ұрып-соққаны үшін бірнеше рет полицияға апарған Антоновты жек көретін еді. Жерде жатқан құбырдың бөлшегімен Антоновты ұрып, денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіреді.

Зуевтің әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №18. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Сот әділдігінің конституциялық қағидаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2) Құқықкорғау органдарының қалыпты қызметін қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3) Іс бойынша шынайы дәлелдемелерді алуды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4) Сот актілерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының шешімі негізінде Сурков. сottтың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін 7 күн ішінде, «Время» газетіне шықкан азамат Мазинаның ар-намысы, қадір-қасиеті және іскерлік беделіне нүқсан келтіретін және шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтердің жалған екенін баспсөзде жариялау керек еді. Сонымен қатар, «КТК» телеканалында

да жариялап, Мазинаға 300000 тенге моралдық шығынды және мемлекеттік бажыды төлеу бойынша сот шығындарын төлеу керек болған. Бұл шешім күшіне 29 қараша 2011 жылы енді. Содан бері тоғыз ай ішінде Сурков сот шешімін орындаады.

Сурковтың әрекетін саралаңыз.

(Астана қаласы Сарыарқа ауданы №2 аудандық сотының үкімі) //<http://astana.sud.kz/rus/news/ugolovnaya-otvetstvennost-za-zlostnoe-neispolnenie-resheniya-suda>).

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №19. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Әскери қызметшілер арасындағы жарғылық қарым-қатынас пен бағыныштылық тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2) Әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3) Әскери қызметтің арнайы түрлерін атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4) Әскери құпияны сақтау тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

5) Әскери мүлікті пайдалану мен сақтау тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

6) Қару-жарақты ұстау және әскери техниканы пайдалану тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

7) Соғыс уақытында әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Рота бойынша кезекші сержант Кисилев қатардағы Морозовқа бөлім аумағын сыпырғызып қойды. Оған жауап ретінде Морозов Кисилевке балағат сөздермен тіл тигізді.

Морозовтың әрекетін саралаңыз.

№2. Қатардағы Кутузов анасының ауыр ауруы туралы біліп, әскери бөлімді өз бетімен тастап, туған жеріне кетіп қалады. Туған қаласына келген соң, жауаптылықтан қорқып, анасына өзі туралы ешкімге айтпауды сұрайды. Ауру анасына толық жазылғанға дейін қарайды, бұл 2 ай уақытқа созылады.

Кутузовтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі

Тақырып №2. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Сот шешімдерін талдау: Сот шешімінің негізділігіне дәлелді қорытынды беріңіз: Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 15 қараша 2011 жылғы №2уп-300-11 қаулысы (адам өлтіру ретінде сараланған, абайсызда адам өліміне алып келген денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру фактісі бойынша); Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 2 сәуір 2002 жылғы №2а-177-02 қаулысы (зорлау фактісі бойынша айыптау). /Жуkenov A.T. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.247-248).

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

С. есірткіден масаң күйде өзінің ағасы А.-ның үйінде болады, екеуінің арасында туындаған жанжал нәтижесінде С. ағасын өлтіру үшін кеуде және жүрек тұсына уш рет пышақ тығып алады. Бірақ А. белсенді қарсылық көрсетіп, өзін-өзі қорғау барысында С. жаққа қарай ыстық су бар шәйнекті лақтырып жібереді және оның қасақана адам өлтіруге бағытталған әрекеттерінің жолын кеседі. Сонынан болған жағдай туралы әйеліне хабарлайды, әйелі жедел жәрдем шақырады. Уақытылы көрсетілген медициналық көмектің арқасында А.-ны өлімнен алып қалады. (Астана қаласы қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданараптық соттың үкімі // <http://astana.sud.kz/rus/news/muzhchina-nanyos-svoemu-bratu-nozhevye-raneniya>).

C.-ның әрекетін саралаңыз.

Тақырып №3. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан Попов, жұмысқа тұрмай, қаңғыбастық өмір сүрді, жүйелі түрде алкогольдік сусындар ішті. Алкогольдік масаң күйде ол бірнеше рет жасаспірімдерге өзінің «лагерлік өмірі» туралы, жеңіл ақша табу жолдары туралы, тергеуде өзін қалай ұстая керектігі туралы айтып жүрді.

Поповтың әрекетін саралаңыз.

Егер жасаспірімдер Поповпен бірге бөтеннің мүлкін жылқыру жасасаса, саралау өзгереді ма?

Тақырып №4. Адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Кенсе қызметкері Михайлова әріптесі Иванована жек көргендіктен, оның атына келген хаттарды оқып жүрді. Хаттардың бірінен Иванованаң ар-

намысы мен абыройына нұқсан келтіретін жеке басына қатысты мәліметтерді біліп алғып, Иванованың күйеуіне айтады.

Михайлованың әрекеттерін саралаңыз.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың үкесас құрамдарынан ажыратыныңыз.

Тақырып №5. Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Қазақстанның азаматы Ахметов және азаматтығы жоқ адам Мавлюдин елімізде тыйым салынған, Сирия аумағында қарулы террористік қақтығысқа қатысатын, террористік ұйымның құрамына кіреді. Терроистік ұйым оларды киімдер және қару-жарақтармен қамтамасыз етті. Және ай сайын 300 АҚШ доллары мөлшерінде ақша төлеп отырды.

Ахметов пен Мавлюдиннің әрекетін саралаңыз.

Тақырып №6. Мемлекеттің конституциялық құрылымы негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Қорғаның министрлігінің қызметкері Ломов шетел ұйымына беру мақсатымен бір жыл бойы әскери құпия болып табылатын мәліметтерді жинады.

Ломовтың әрекетін саралаңыз.

Егер Ломов мәліметтерді пайдакұнемдік мақсатта емес өзі үшін жинаған болса, саралау өзгереді ма?

Тақырып №7. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Сот шешімін талдау: кешенді талдау жасаңыз. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 25 қазан 2011 жылғы №2уп-262-11 қаулысы (тонаудың аяқталу кезеңіне қатысты). Т.-ға қатысты сот шешімін негізденіз (Астана қаласа Алматы аудандық №2 аудандық сот үкімі) // <http://astana.sud.kz/rus/news/osuzhden-avtomobilnyy-moshennik>).

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Томилин жатақханада жүріп, бөлмелердің біреуіне кіріп столдың үстінде тұрған Галиеваның «Самсунг галакси S7» маркалы ұялы телефонын жымқырды. Галиеваға 70 000 тенге сомасында материалдық шығын келтірді. Телефонды өзінің құрбысына сыйға тартады.

Томилинның әрекетін саралаңыз. Жылқырылған мүлікті сыйга тарту саралауга әсер ете ма?

(Астана қаласы Сарыарқа ауданының №2 аудандық сотының үкімі) // <http://astana.sud.kz/rus/news/sotovye-telefony-predmet-krazhi>).

№2. Мазина «Mega» сауда орталығында «De facto» дүкенінде құны 25.000 тенге тұратын күртешенің ұрлыққа қарсы құрылғысын өшіріп тастады. Күртешені өз күртешесінің сыртынан киіп алғып, шығып бара

жатқан кезде күзет қызметкери тоқтатады. Мазина күзетшіні сөмкесімен бір ұрып, қашып кетеді.

Мазинаның әрекетін саралаңыз.

Егер күзетшінің денсаулығына ауыр зиян келсе, саралау қалай өзегереді?

Егер Мазина құртешені дүкенде шешіп тастап, қашып кетсе, саралау қалай өзгереді?

(<http://astana.sud.kz/rus/news/devushka-pytalas-sovershit-krazhu-v-magazine-defacto>).

3) Харьков дизель отынына баға белгілей отырып, дизель отынын қабылдау және өткізу орнын ашады. Және дизель отынының шығуынын заңдылығын растайтын құжаттарсыз өткізіп жүрді. Харьков жана р-н майды қабылдаушы болып жұмыс істеді, 2015 жылы оған күніне бес мың тенге жалақы беретін басқа жерде қабылдаушы болып жұмыс істеуді ұсынады, ол келіседі. Күніне ол жерге он-он бес көлік келіп, 1 литрі 100 тенgedен әртүрлі көлемде дизель отынын әкеледі.

X.-ның әрекетін саралаңыз.

(<http://astana.sud.kz/rus/news/hotel-podzarabotat-na-diztoplive>).

№ 4. Сергеев, Борисов және Галиев пайдакунемдік мақсатта бір үйдің жер төлесіне кіріп, «Тойота Превия» автокөлігінен двигателін алғып қояды. Нәтижесінде азамат Шалинге 180 000 тенге көлемінде материалдық шығын келтіріледі.

Сергеев, Борисов және Галиевтың әрекеттерін саралаңыз.

(Астана қаласы Сарыарқа ауданының №2 аудандық сотының үкімі) //<http://astana.sud.kz/rus/news/avtomobil-ostavili-bez-dvigatelya>).

Тақырып №8. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Мемлекеттік поликлиникада бағдарламашы болып жұмыс істейтін Иванов жұмысқа жүйелі түрде мас болып келгені үшін жұмыстан шығарылады. Ол жұмыстан кетер алдында мекеменің компьютерлік желісіне вирустық бағдарлама енгізіп кетеді. Ол вирус есепте тұрган және тегін негізде дәрілер алатын адамдар туралы мәліметтерді жойып жібереді. Бұл мәліметтерді қалпына келтіру үшін арнайы мамандар шақырылады, олардың қызметіне 2 млн. тенге ақша төленеді.

Ивановтың әрекетін саралағыз.

Тақырып №9. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Ахметова 2015 жылдың қантар айында жалпы құны 134.000 тенге тұратын жалған банкноттар тауып алады да, өзі иемденіп алады. Бірнеше күннен кейін жалған ақшамен теміржол билетін сатып алу барысында полиция қызметкеріне ұсталады.

Ахметованың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

Тақырып №10. Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Мебель жасайтын «Айвенго» компаниясы банктен несие алу үшін жеке аудитор Иващенкоға жүгінеді. Компания банкроттық жағдайда тұрғанын біле тұра директоры Петров, компанияның тиімділігі туралы оң қорытынды алу үшін Иващенкоға 200.000 тенге ұсынады. Иващенко келіседі. Компания несие алады, бірақ екі айдан кейін банкрот болады, банкке 20 млн. тенге шығын келтіреді.

Иващенко мен Петровтың әрекетін саралаңыз. Егер банкке 10 млн. тенге шығын келтірсе, саралау өзегереді ма?

Тақырып №11. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№1. Моссовтың пәтерін тінту барысында 10 қолдана жасалған граната, 2 атыс қаруы және оған 20 дана патрондар табылады.

Моссовтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.

№2. Кусаинов «Мария» кафесінде туған күнін тойлап жүріп, көрші столда отырған қызды биге шақырады. Ол бас тартқан соң, көрші столдың дастарханын жұлып алады, нәтижесінде ыдыстар сынып, адамдардың киімдері кірлейді. Бұл әрекеттерін қой деген өтініштерді тыңдамайды, қызды және оның жігітін балағаттап, ерсі қылықтар жасайды. Қатты айғайлап, кафеғе келген адамдардың мазасын алады.

Кусаиновтың әрекетін саралаңыз.

Егер кафеғе келген адамдарға физикалық зиян келтірсе, саралау қалай өзегереді?

Тақырып №12. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Сот шешімін талдау: Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 2 шілде 2001 жылғы №2н-418-01 қаулысына кешенді талдау жүргізініз /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.338-339.

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Артуров тұрғын үйдің жанынан полиэтиленде оралған өсімдік текстес жасыл түсті зат тауып алады. Кейін үйне кіреберісте тауып алған затты темекіге салып, тарту жолымен пайдаланады.

Артуровтың әрекетін саралаңыз.

Тақырып №13. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Босануға дейінгі бөлімнің акушер-дәрігері пацент Асанованаң бел тұсындағы ауруларға қатысты айтқан шағымына көңіл бөлмейді. Сегіз сағаттан кейін кешкі қарау кезінде сол әйелде баланың жолдасынан ажырауы анықталады. Ол әйелге шүғыл тілік операция жасалады. Нәтижесінде баланы құтқара алмайды, әйелдің жатырын алып тастайды.

Әрекетті саралаңыз.

Егер дәрігер әйелдің шағымына мән беріп, консилиум жасаса, бірақ баланы аман алып қалмаса, саралау қалай өзгереді?

Тақырып №14. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Ивановтар (әкесі мен баласы) пайда табу мақсатында Жаңа жыл қарсаңда орман қорынан он дана шыршаны кесіп алғып, ағаштарды шығару кезінде ұсталады.

Ивановтар әрекеттің саралаңыз.

Тақырып №15. Қөліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Махова пойызбен жол жүріп келе жатып, қүйеуімен ұрыссып қалады. Қүйеуімен әрі қарай жол жүргісі келмей, пойыздан түсіп қалу мақсатымен тамбурға шығып стоп-кранды басады. Пойыз кенеттен тоқтағанда жоғарғы төсекте жатқан тоғыз жасар бала құлайды, және оның денсаулығына ауыр зиян келеді.

Махованың әрекеттің саралыңыз.

Тақырып №16. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыйбайлар жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

№1. *Сот шешімін талдау:* сот шешімінің негізділігі туралы қорытынды дайындағызы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 4 мамыр 2012 жылғы №2уп-105-12 қаулысы). /Жуkenov A.T. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.353-354.

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

№2. Астана қаласы мектептерін тамақпен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы комиссиясының төрағасы Ташенов «Ахметов и К» ЖШС директорынан ұсыныс алады. Ұсыныста Ташенов конкурста «Ахметов и К» ЖШС мүддесін қорғау керек еді, ал ол үшін оған 300.000 тенге ақша беретіндері айттылады. Ташенов ұсыныс туралы құқық қорғау органдарына хабарлайды. Ақшаны беру кезінде «Ахметов и К» ЖШС өкілі ұсталады.

Әрекетті саралаңыз.

Тақырып №17. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Иванов танысы Петровтан 500.000 теңге қарызға алады. Белгіленген уақытта Иванов қарызды қайтара алмайды. Петров оған қарыздың орнын пәтерді атына жазып беруді сұрайды. Иванов онын талабын орындаудан бас тартады. Петров бір айдан кейін де ақшасын ала алмаған соң, танысы Мазовпен Ивановтың үйіне келіп, тұрмыстық техника мен мебельді алып кетіп, өзінің гаражына апарып қояды.

Петровтың әрекетінде өз бетінше билік ету бар ма?

Тақырып №18. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Сот шешімін талдау: Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының 21 ақпан 2001 жылғы №2н-116-01 қаулысына кешенді талдау жүргізілі /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.371-372.

Тақырып №19. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейс/мини-кейс)

Астана қаласы мамандандырылған ауданааралық әкімшілік соттың қаулысын оқып, әскери бөлім сержантты Горлавтың әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға берініз. <http://astana.sud.kz/rus/news/voennosluzhashchiy-ptalsya-dat-vzyatku-sotrudnikam-policii>.

